


Keywords: agriculture, national economy, gross domestic product, rural residents, agri tourism, economic development, rural areas, rural workers, wages, self-employed, natural resources.

2015 жылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 1,9 трлн. теңгені құраған немесе ЖІӨ-нің 4,8% тең болды. 1990 жылы бұл көрсеткіш 34% құрап, қазіргі жағдаймен салыстырғанда 8 есеге артық болған. Осың себебі, ауылдық территориялардағы жұмыс орындары азайып келеді. Статистикалық мәліметтерді негізге алатын болсақ, тәуелсіздікке дейінгі жылдарда ауыл шаруашылығы саласы еліміздің жалпы экономикалық белсенді топтарының 40%-дан астамын, таза материалдық өнімдердің 20%-дан астамын қамтамасыз етіп отырған халық шаруашылығының ең ірі саласы болды. Соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтер бойынша (2010-2016 жж.) ауыл шаруашылығы саласында жұмыспен қамтылған адамдардың үлесі 28,3%-дан 16,7%-ға төмендеген (1-сурет) [1].

2010-2015 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтер бойынша жалпы экспорттағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі орта есеппен 17,4% құраған. 2015-жылды 2014-жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттағы үлесі 9% өскен. Ауыл шаруашылығы саласындағы оң өзгерістерге қарамастан, бұл сала бойынша жұмыспен қамтамасыз етілген қызметкерлер саны соңғы жылдарда төмендеп отыр.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы бойынша жұмыспен қамтылған адамдар саны 2016 жылды (1432 мың адам) 2010 жылмен (2295 мың адам) салыстырғанда 11%-дан астам төмендеген.



1-сурет. Ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыспен қамтылғандар саны мен үлесі, % [1]

Жалпы Республика бойынша экономикалық белсенді халықтың құрамындағы жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2010-2016 жж. бірқалыпты тұрақты мәнге ие және ол 95% құраған. Бірақ, 1-суретте көрсетілгендей, 2016 жылы экономикалық белсенді халықтың тек 17%-ы ғана ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылған, оның ішінде 71%-і өзін-өзі жұмыспен қамтылғандарды құрайды. 2015 жылы ауыл шаруашылығы саласындағы орташа айлық атаулы жалақы бір қызметкерге 72853 теңгені құраған. Экономикалық қызметтің түрлері бойынша орташа айлық жалақыға талдау жасайтын болсақ, ауыл шаруашылығы саласы қызметкерлерінің еңбек ақысы ең төмен.

2015 жылы ауыл, орман және балық шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысы қаржы және сақтандыру қызметкерлерімен салыстырғанда 3,3 есе; өнеркәсіп саласымен салыстырғанда 3,8 есе; құрылыс саласымен салыстырғанда 1,2 есеге аз. Жалпы алғанда еңбек ақы көрсеткіштері бойынша ең аз жалақы ауыл, орман және балық шаруашылығы саласының үлесінде.

Ауыл шаруашылығы бойынша жүргізіліп отырған талдау мәліметтері дәстүрлі саламызды дамытудың нақты тетіктері керек екендігін көрсетеді. Отандық ғалым Б.Е. Рүстембаев нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстанның әр аймағы жаңа жағдайларға икемделе отырып, ауыл шаруашылығындағы құлдырауды болдырмау қажеттілігін көрсетеді [3]. Сондықтан, ауыл тұрғындары мен ауыл кәсіпкерлері АӨК-гі қолжетімді ресурстарды және еліміздің табиғи байлықтарын тиімді пайдалану, одан пайда табу бағытын қарастырған жөн, яғни олар нарықтық талаптарды ескере отырып, «өндіру – сату» принципіне негізделгені дұрыс деп есептейміз.

Әлемдік тәжірибе бойынша, соңғы жылдардағы шикізат өнімдеріне бағаның төмендеуі, Қазақстанның болашақ экономикалық дамуы үшін ауыл шаруашылығы мен туризм саласына баса назар аудару керек екендігін дәлелдеп отыр. Сол себепті, ауыл шаруашылығы саласын нығайту, оның жаңа перспективалық бағыттарын анықтау мемлекеттік деңгейдегі маңызды мәселелердің бірі. Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы табысты бағыттарының бірі – агротуризм.

Ауыл шаруашылығы және еліміздегі табиғи ресурстардың орасан зор мүмкіндіктерін тиімді қолдану үшін де агротуризмді дамыту қажеттілігі анық байқалады. Агротуризмді дамыту - бір мезгілде бірнеше мәселелерді шешуі мүмкін, олар: ауыл шаруашылығы және туризм салаларының ЖІӨ-гі үлесін арттыру; ауыл шаруашылығын диверсификациялау; отбасылық немесе жеке бизнестерді жасау; ауылдық территориялар инфрақұрылымын дамыту; тұтынушылар мен туристерді эколо-

гиялық таза табиғи тамақ өнім түрлерімен қамтамасыз ету; ауыл тұрғындарының әлеуметтік-материалдық жағдайын нығайтуға болатын кешенді әдіс.


Қазақстанда агротуризмді дамыту жаһандану заманындағы ұлттық қауіпсіздікпен қатар, азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда да маңызды сала болып табылады. Себебі, Қазақстанның әр аймақтары мен ауылдық территорияларындағы айрықша табиғи және рекреациондық ресурстар, тарихи және әлемдік мәдени мұралар, ұлттық объектілер, әр-түрлі экономикалық, мәдени, қоғамдық және спорттық шараларды өткізу мүмкіндіктері және ауыл шаруашылығында өндірілетін табиғи өнімдер агротуризмді дамытудың негізін қамтиды.

Қазақстан дамуының стратегиялық бағыттарының бірі болып табылатын, ауыл шаруашылығы үшін: оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оны әртараптандыру; қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатының жетістігі үшін бәсекеге қабілетті адам капиталын арттыру; халықаралық қатынастардың тұрақтылығын нығайтуда агротуризмнің рөлі жоғары деп есептейміз. Себебі, қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуы үшін, дәстүрлі шаруашылықтарды нығайтып, ұлттық қауіпсіздікті сақтау мемлекеттік деңгейдегі басты мақсаттардың біріне айналды. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, аграрлық ғылымды дамыту, аграрлық-инновациялық кластерлерді құру, ауыл шаруашылығын әртараптандыру маңызды болып отыр. Ауыл шаруашылығын әртараптандыру үшін - ауыл шаруашылығы мен туризмдегі үйлесімділікті ескере отырып, ауылдық туризмді (агротуризм) дамытудың маңызы зор.

Агротуризм – ауылдық елді мекендерде ұйымдастырылатын, келуші қонақтарға орналасу, тамақтану, демалыс, экскурсиялық қызмет, көңіл көтеру мен спорттық іс-шаралар, белсенді туризм түрлері, аңшылық пен балық аулау, әдет-ғұрып пен білімдерін жетілдіруге арналған кешендік қызметтерді жасауды ұсынады. Сонымен қатар, агротуризм саласы ауылдық елді мекен тұрғындарын жұмыспен қамту, негізгі өндіріс көлемі мен азаматтардың жеке табысын демалыс пен рекреация арқылы ұлғайту құрамын қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығының белгілі бір бөлігі деп есептейміз.

Агротуризмнің келесідей қоғамдық маңыздылығын бөліп көрсеткен жөн: ұлттық шаруашылықтарды дамыту; экономиканы әртараптандыру, ЖІӨ-гі ауыл шаруашылығы мен туризм салаларының үлесін арттыру; ауылдық шағын және орта бизнесті дамыту; ауыл тұрғындарының өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ету мәселесін шешу; ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту; ауылдық территориялардағы өндірістік, әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту; сервистік

Социальные проблемы села



2-сурет. ЖИӨ-гі туризм салаларының үлесі, % (2010-2015жж.) [1]

2-суретте 2010-2015 жылдар аралығындағы туризм саласының екі бағыты: тұру және тамақтану бойынша қызметтер; өнер, ойын-сауық және демалыс бойынша қызметтерінің ЖИӨ-гі үлесі көрсетілген. Қарастырылып отырған кезеңдер аралығында осы екі саланың даму көрсеткіштерінің тұрақсыз екендігін атап өтуге болады. 2015 жылы туризм саласының екі бағытында да циклдік өзгерістердің орын алып отырғанын көреміз. Тұру және тамақтану бойынша қызметтердің ЖИӨ-гі үлесінің жоғары көрсеткіштері 2010 жыл (1,0%) және 2015 жылдарды (1,1%)

қамтып отыр. Дегенмен өнер, ойын-сауық және демалыс бойынша қызметтерінің ЖИӨ-гі үлесі орта есеппен алғанда тұрақты деңгейді сақтап отыр, яғни 0,7% құрайды. 2015 жылды 2010 жылмен салыстырғанда 0,2% жоғары. Демек, адамдар соңғы кезеңдерде бос уақыттарын денсаулығын нығайтуға, және демалуға жұмсайды. Осы көрсеткіштерді негізге ала отырып, ауылдық территорияларда агротуризмді дамыту ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыруға, нәтижесінде ЖИӨ-гі ауыл шаруашылығы саласының үлесін арттыруға өзіндік әсер етеді деп есептейміз (кесте).

Кесте - 2010-2014 жылдағы Қазақстан Республикасындағы туризмнің негізгі даму көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	Өсу қарқыны, % (2014/2010)	Арту қарқыны, % (+;-)
Тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құн, млрд.теңге	259,5	364,1	415,1	530,7	791,6	305,1	205,1
Жалпы ішкі өнімдегі тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құнының үлесі, %	1,2	1,3	1,4	1,5	1,9	161,0	61,0
Қазақстанға келушілердің саны, мың адам	6436,6	8820,4	5043,7	6841,1	6332,7	98,4	-1,6
Қазақстаннан кетушілердің саны, мың адам	5994,2	8005,1	9052,2	10143,7	10450,0	174,3	74,3
Туризм салаларындағы тіркелген заңды тұлғалар саны, бірлік	12009,0	14949,0	14846,0	16162,0	17934,0	149,3	49,3
Туризм саласындағы жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам	195,0	219,1	241,4	246,4	299,6,5	126,4	26,4
ҚР ҰЭМ статистика комитетінің мәліметтері негізінде құрастырылған							

Кестеде 2010-2014 жылдағы Қазақстан Республикасындағы туризмнің негізгі даму

көрсеткіштерінің динамикасы көрсетілген. Келтірілген мәліметтерге қарағанда Қазақ-

станға келушілердің саны 2014 жылды 2010 жылмен салыстырғанда 1,6 төмендеген. Ал сәйкес кезеңдер бойынша Қазақстаннан кетушілердің саны 74,3 % өскен. Бірақ, ҚР ҰЭМ, статистика комитетінің соңғы 2016 жылғы қаңтар-наурыз қорытындысы бойынша 2015 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда шығу және кіру туризмнің келушілер саны азайған, сәйкесінше 23,5% және 1,3% 2038,2 мың адам және 1255,1 мың адам құрағанын, ал ішкі туризмнің келушілерінің саны 10,6% өсіп, 918,4 мың адамды құрағанын атап көрсетуге болады. Ішкі туризм бойынша келушілердің санының артуы отандық туризм түрлерін дамытудың қажеттілігін, болашақ мүмкіндіктерінің зор екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, аталған кезеңдер аралығында туризм дамуының ең жоғарғы көрсеткіші тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құнның еншісіне келеді, яғни 2014 жылы салыстырмалы кезеңге қарағанда 532,1 млрд. теңгеге немесе 205,1% өскен, тікелей туризмге қатысты өндірілген өнімдердің (қызмет көрсетулер) жалпы ішкі өнімдегі үлесі 61%, туризм салаларындағы тіркелген заңды тұлғалар саны 49,3%, туризм саласындағы жұмыспен қамтылғандар саны 26,4% өсіп отыр.

Жалпы алғанда агротуризм саласын дамыту мен жетілдіру және оны мемлекеттік қолдаудағы негізгі мақсат қалалық жерлерден, әсіресе ірі мегаполистерден келуші туристерге туристік қызмет көрсету нарығын жоғары деңгейде дамыту және ауылдық елді мекендер мен олардың жергілікті тұрғындары үшін табыс көзін арттыруда маңызды. Бұл маңыздылық келесі қажеттіліктерге тікелей байланысы бар екені анықталып отыр:

- ірі қалалардағы экологиялық және психологиялық жағдайлардың нашарлауы;
- экологиялық қолайлы территорияларда демалысқа талпыныс;
- ел тұрғындарының дәстүрлі ұлттық мәдениет элементтеріне - ұлттық сәулет өнері үлгілері мен асхана, кәсіпшілік, фольклорға деген қызығушылықтың туындауы;
- шаруа қожалықтарының ауылдық аумақтарға кіруге қызығушылықтың артуы;
- ауыл тұрғындарының қаржылық жағдайын жақсартудағы жаңа көздерді іздеуі;
- қаржы салымдарын жұмсаудағы жаңа салалар мен объектілерді іздеу.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды тиімді шешу мемлекеттік бағдарламалар аясында да қолдау тауып отыр. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында» Қазақстанның барлық өңірлері үшін агротуризм - ұлттық шаруашылықты нығайтудың негізгі тетігі ретінде қарастырылған [8]. Сонымен қатар, агротуризм қоршаған ортаны қорғау процесіне табиғатқа ұқыпты қарау экономикалық тиімді болатын жергілікті халықты

тартуға жәрдемдесетін қуатты құрал ретінде маңыздылығымен сипатталады.

Қазақстанда ауыл туризмін дамыту перспективалары зор болғандықтан, жоғарыдағы «тұжырымдама» аясында еліміздің барлық өңірлерінде келесі шаралар жүргізу қарастырылған:

- туризм жөніндегі жергілікті атқарушы органдар құрылымын жаңғыру, қажеттілікке орай жаңа көлік инфрақұрылымын жасау;
 - өңірде туризммен айналысатын бірлестікті қалыптастыру және дамыту үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін айқындау;
 - әдістемелік құралдарды әзірлеуді;
 - қонақ үйлер ашатын кәсіпкерлерге консультативтік көмек көрсету;
 - жергілікті және өңірлік деңгейлерде ақпараттық қолдау және қонақ үйлерді ілгерілету үшін пәрменді құралды айқындауды қамтамасыз ету;
 - ұсынылатын қызметтердің жоғары сапасына кепілдік беру үшін ауылдық демалыс үйлерінің бірыңғай сыныптамасын әзірлеу жөніндегі мәселелерді шешу;
 - демалыс үйлерінің сыныптамалық өлшемдерін айқындау нәтижесінде ауылдық қонақ үйлер үшін бірыңғай стандарттарды бөлу.
- Қорытындылай келе агротуризмді дамыту - ауыл шаруашылығындағы көптеген мәселелерді кешенді түрде шешуге мүмкіндік береді:
- жаңа жұмыс орындарын құру және ауылдық жерлердегі жұмыссыздықты азайту;
 - ауыл тұрғындарының табыстарын арттыру арқылы өмір сүру деңгейін жақсарту;
 - ескірген әлеуметтік инфрақұрылымдарды жақсарту, арқылы өмір сүрудің қолайлы жағдайын жасау, ауыл тұрғындарын, оның ішінде жастар мен экономикалық белсенді топтардың қалаға кетуін азайту;
 - ауылдық жерлерде шағын бизнесті дамыту, еңбек күшінің бірден азайып кетуін болдырмау;
 - ауыл шаруашылығы өнімдерінің ассортиментін кеңейту, азық-түлік қауіпсіздігін нығайту;
 - ауыл тұрғындарымен өндірілген тағамдарды сол жерде өңдеп, тұтынушыларға жылжыту;
 - ауылдық жерлерде дәстүрлі өмір салтын сақтау, қолөнер тауарлары көрмелерін ұйымдастыру;
 - бюджет түсімдерін арттыру;
 - ауыл шаруашылығы саласының өзін-өзі инвестициялауы және олардың жылдам қайтарымдылығын қамтамасыз ету. Демек, Қазақстанның «жасыл» экономика қағидатына көшуіне белгіленген бағыттарды ескере отырып, агротуризмді дамыту - ауыл халқын балама жұмыспен қамтудың негізгі тетігі ретінде ғана емес, ауылдық территориялардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен еліміздің

тұрақты экономикалық өсуі үшін де маңызды сала ретінде қарастырылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Официальные статистические данные Комитета по статистике Республики Казахстан [Электронный ресурс]. - 2016.- URL: <http://www.stat.gov.kz>. (дата обращения: 15.01.2017).
- 2 Программа по развитию агропромышленного комплексов в Республике Казахстана на 2013-2020гг. «Агробизнес-2020». - Астана, 2012.
- 3 Рүстембаев Б.Е., Ержанова Г.Е. Қазақстан Республикасының аумақтық экономикалық саясаты және оның даму механизмдері //Аграрлық нарық проблемалары.-2014.-№1.- Б. 24-29
- 4 Кусайынов Х.Х., Сергеева А.М. Туризм экономикасы: оқу құралы. - Алматы, 2012. - Б. 208-211.
- 5 Женсхан Д., Есенбаева А.Е. Қазақстандағы агротуризм: мәселелері, дамыту жолдары мен болашақ мүмкіндіктері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің хабаршысы. - 2014. - №2. - Б. 112-118.
- 6 Темирбулатова М.А.Теория и практика агротуризма: польский опыт: учебник.- 2010. – С.13-15.
- 7 Дүйсенбаев А.А., Муталиева Л.М., Жағыпарова А.О. Отандық туристік индустрияның қалыптасуы мен дамуын зерттеу // «Тұран» университетінің хабаршысы.- 2016- №2 (70).- Б. 159-164.
- 8 Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі

тұжырымдамасы [Электронный ресурс]. - 2013/- URL: <http://dilet.zan.kz/kaz/docs> (дата обращения: 18.01.2017).

Pajdalanған әdebiетter tizimi

- 1 Oficial'nye statisticheskie dannye Komiteta po statistike Respubliki Kazahstan [Jelektronnyj resurs]. - 2016.- URL: <http://www.stat.gov.kz>. (data obrashhenija: 15.01.2017).
- 2 Programma po razvitju agropromyshlennogo kompleksov v Respublike Kazahstana na 2013-2020 gg. «Agrobiznes-2020».-Astana, 2012.
- 3 Rystembaev B.E., Erzhanova G.E. Қазақстан Respublikasynың аумақтық jekonomikalyқ sajasaty zhәne оның даму mehanizimderi // Agrarlyқ naryқ problemalary.-2014.-№1.- B. 24-29
- 4 Kusajynov H.H., Sergeeva A.M. Turizm jekonomikasy: оқу құралы.- Almaty, 2012.- B.208-211.
- 5 Zhenshan D. Esenbaeva A.E. Қазақстандағы agroturizm: мәseleleri, damytu zholdary men bolashaқ мүмkindikteri // L.N. Gumilev atyndary EҰU-нің habarshysy. - 2014. - №2. - B. 112-118.
- 6 Temirbulatova M.A.Torija i praktika agroturizma: pol'skij opyt: uchebник.- 2010.- S.13-15.
- 7 Dyjsenbaev A.A., Mutaliev L.M., Zhagyparova A.O. Otandyқ turistik industrijanyң қалыптасуы мен damuyn zertteu // «Тұран» universitetiniң habarshysy.- 2016- №2 (70).- B. 159-164.
- 8 Қазақстан Respublikasynың turistik salasyn damytudyң 2020 zhyłға dejingi тұzhyrymdamasy [Jelektronnyj resurs]. - 2013/- URL: <http://dilet.zan.kz/kaz/docs> (data obrashhenija: 18.01.2017).